

УДК 37.08

Карашаш Базаровна Жанадилова¹, Индира Абеновна Бухарбаева², Наргуль Шыракжановна Тезекбаева³

- 1) педагогика ғылымдарының магистрі
- 2) педагогика және психология магистрі
- 3) педагогика ғылымдарының магистрі

А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті
Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

ЗАМАНАУИ МҰҒАЛІМ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Abstract: The article addresses the issues of teachers in modern educational space. The article reflects the requirement, politeness, professionalism – as the main quality criteria for a modern teacher.

Keywords: The teacher in the new format, politeness, professionalism, a modern teacher.

Еліміз егемендік алғаннан бері, білім беру саласында түбегейлі өзгеріс тапты. Яғни, білім мазмұнының жаңаруы, оның ішінде оқу жоспарының оңтайлануы, бүгінгі мұғалім қауымының алдына зор мақсаттар қоюда. Осы тұрғыдан келгенде, мұғалімге қойылатын талаптардың күрделілігі сондай, олар білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқараспен қарап, оқушымен тиісті қарым-қатынас орната білуін қажет етеді.

XXI-ғасыр мұғалімі, жахандану жағдайындағы, жаңа форматтағы мұғалім бола білуі заман талабы. Ендеше, бүгінгі мұғалімнің көтерер жүгінің жеңіл болмасы анық. Заманауи ұстаздың бейнесі қазіргі уақытта кеңінен талқылануда. 12-жылдық білім беруге көшудегі мұғалімнің моделін білеміз [1].

Айтар болсақ, ертеңгі мұғалім, ол, ұйымдастырушы, бағыттаушы, зерттеуші, сараптаушы, жобалаушы, жаттықтырушы, кенесші т.б. функцияларына ие болуға тиісті. Ал, осы тұрғыдан келгенде бүгінгі мұғалімдер жаңаша жұмыс атқаруға дайынба, мәселе міне, осында болып тұр. Жаңаша оқыту, тәрбиелеу бұл оңай іс емес. Күні бүгінге дейін, көп жағдайда мұғалімдер ертеден келе жатқан

сынып-сабақтық жүйемен оқытуда. Әрине, ескі әдіс, тәсілдердің берері де мол. Дегенменде, халықаралық стандартқа иек артсақ, бүгінгі қолданып жүрген әдіс, тәсілдеріміз аздық етері анық. Бүгінгінің басты талабы, соңғы тұжырымдамаларда көрсетіліп жүргендей, ол оқушыны жан-жақты білімді, тәрбиелі, қоғам талаптарына сай азамат етіп шығару. Бұл оңай жұмыс емес. Мұғалім бұл жағдайда ғылыми білімді, әлемдік білім жүйесін терең меңгерген, жан –жақты, тәрбиеліде, ұлағатты адам бола білуі тиіс. Яғни, заманауи мұғалімнің ұстанымына сүйенсек, ол, бұйрықшыл емес-басқарушы, тыйым салушы емес-бағыттаушы, бағындырушы емес-бірігіп орындаушы, т.с.с.ұстанымы мол ақылшы, дарынды адам болуы қажет. Әсіресе, жахандану заманында жастарға ұлттық тәлім-тәрбие беру үлкен мәселе [2].

Жалпы, тәрбие мәселесі қай ұлттың болмасын аса қадірлеп қарайтын ұлы қағидаларының бірі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Біздің алдымызда бабаларымыздың игі дәстүрлерін сақтайтын күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр»- деген болатын. Тәрбиеде адамға ықпал ететін білімдер саны алуан. Солардың ішіндегі ең парасаттысы, өміршең білім - халықтың өзі жинақтаған тәлім-тәрбие жайлы білімдер. Тәрбие тал бесіктен

басталады. Қазақ этнопедагогикасы тәрбиені бесік жырымен бастайды. Ұлттық мәдениетімізді-инабаттылықты, имандылықты, қайырымдылықты, мейірімділікті, ізеттілікті, меймандостықты, тіл өнерін балаға балдырған кезінен бастап үйрету - өркениеттік дәстүріміз. Осы тұрғыдан келгенде республиканың Жоғары оқу орындарында бұл күндері оқытылып жатқан «Этнопедагогика», «Қазақ тарихы» т.б ұлттық нақыштағы пәндердің жастар бойында патриоттық сезімдерді тудыруы шындық. Дегенменде, жастар арасындағы кейбір жағдайдағы мәдениетсіздік, дөрекілік, білім аясының төмендігі, дүниетанымдарының тарлығы ойландыратын мәселелер. Қазіргі жаһандану заманындағы бәсекелестік тұрғысынан келсекте, осы мәселелер алдымыздан кесе көлденең шығары сөзсіз. Білімі төмен, мәдениеттен жұрдай, дүниетанымы өз ауласынан аспайтын жастар бойында бәсекелестікке қарсы тұратын, күш қуат болмақта емес. Осы тұрғыдан келгенде, мектептерде болсын, ЖОО-да болсын, терең шынайы білім беріп, жастар бойына мәдениет қалыптастыру мәселесі күн тәртібіндегі келелі істер болуға тиіс [3].

Ендеше, Қазақстан өз егемендігін алғаннан кейін, бүгінгі таңның өзекті мәселесі жан-жақты, көп мәдениетті, білімдар дара тұлғаны қалыптастыру. Оқушыны алғыр ойлы, жан-жақты дамыған, ұлттың ұлы азаматы етіп тәрбиелеуде мұғалімнің шеберлігі, шығармашылығы қажет. Бүгінгі мектеп оқушыларына жүйелі де сапалы білім, саналы тәрбие беруде жаңа талап тұрғысынан келу қажет. Ол үшін пәндік оқыту мен тәрбие жұмысының сапасын мектептерде жақсарту, бүгінгі күннің басты проблемаларының бірі. Әсіресе, бүгінгі таңда Батыс пен Шығыстың, Еуропа мен Азияның идеологиясының қарама-

қарсы қайшылығының кезеңінде, ұлттық идеологияны қалыптастыру ең өзекті мәселе. Әр нәрсеге еліктегіш келетін жастарды, Батыстың бейресми мәдениеті мен моральдық азғындаушылық іс-әрекетінен аман алып қалудың бірден-бір жолы - ұлтымыздың тарихы мен халық педагогикасы арқылы тәрбиелеу болмақ. Рухы биік, діні мен ділі, тілі, патриоттық сезімі жоғары халықты ешқандай күш теңселте алмайтыны шындық. Қазіргі заманауи мұғалімге қойылатын талаптардың күрделілігі белгілі, олар білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқараспен қарауы, жаңаша қарым-қатынас орнатуы, яғни білім мазмұнын жетілдіруі, жаңа базистік оқу жоспарына көшуі тиіс. Мұғалімдер өз қызметі саласында жетістікке жету үшін көп жұмыс істеу керектігі бәрімізге аян. Осы тұрғыда оқушыларға жеке-дара қарау жөнінде белгілі педагог В.А.Сухомлинский мұғалімдер қызметіне бірнеше өсиеттер тұжырымдады: 1. Балалардың ақыл-ой күштері мен мүмкіндіктері бірдей емес. 2. Оқыту мен тәрбиелеудің барлық заңдарын қолдануға болатын абстрактілі оқушы жоқ. 3. Оқушы әрқашан да дара, өзінше ерекше. Оқуда барлық мектеп балалары үшін табысқа жетудің бірыңғай алғы шарттары жоқ. Осы өсиеттерді жадымызда ұстай отырып, табысқа жету үшін біз, әрине педагогикалық технологияларды қолданамыз. Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді

ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Педагогикалық жаңа технологиялар - бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері. Мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр-аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды. Жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерге көшу, жаңаша ойлау қалыптасуда. Сондықтан да мұның барлығында шешуші орынды мұғалім қызметі алатындықтан, мұғалімнің инновациялық іс-әрекетіне байланысты. Мектеп мұғалімінің инновациялық іс-әрекеті ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін жаңа сатыға көтеруге негізделген.

Инновациялық іс-әрекет дегеніміз мұғалімнің жаңашыл идеяларды, жаңашыл әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үрдісінде өз кәсіби тәжірибесіне, мектеп жағдайына, балалардың білім дәрежесіне байланысты енгізуін айтамыз. Инновациялық іс-әрекет сонымен қатар, жаңашылдықты іздеп шешуге дайын болу қасиетімен де тығыз байланысты. Мұндай қасиеттерге жатқызатындары: жалпы және кәсіби мәдениет, педагогикалық бағдарлылық, моральдық

қасиеттер, ерік қасиеттері, сөйлеу қабілеттері, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, педагогикалық елестету. Инновациялық іс-әрекет - педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру үрдісі. Бұл инновациялық әрекеттерді қолдану арқылы балалардың дарынын анықтаймыз.

Дарын дегеніміз адам бойында негізінен ана сүтімен, ата тегімен даритын құбылыс. Дарын – адамның белгілі бір дүниеге психологиялық қабілеттілігі. Осы қабілетті дер кезінде анықтап, оны одан әрі дамыта білу қажет. Жалпы адам баласы табиғатында қабілетсіз болмайды. Біреулердің қабілеті жоғары, екінші біреулердің қабілеті орташа, ал үшінші біреулердің қабілеті төмен болады. Өз қабілетіне сай бала көздеген мақсатына қол жеткізе алады. Дарындылық данышпандыққа жеткізген деп халық бекер айтпаған. Әлемдегі аты шулы данышпандықтардың бәрі балалықты бастан кешірген, бірақ ешбір адам анадан данышпан болып тумайды, тек қабілет иесі, дарын иесі болып дүниеге келеді. Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Дарынды оқушымен жұмыс істеу бастауыш сынып мұғалімінің өзіне, қызметіне және кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады. Дарынды балаға өзінің қабілетін еркін танытуға мүмкіндік беретін, өзінің дарынына қарай бірегей тұлға ретінде дамуына жол ашатын білім беру жүйесін жетілдіру қажет. Талантты тани білу, дарындылықтың белгілерін дамыту осыған дайын мұғалімнің ғана қолынан келеді. Бастауыш сыныптарда мұғалім оқушылардың

оқуға ынтасын тәрбиелеу арқылы қабілеттерінің дамуына кең жол ашады. Мұғалім алғашқы күннен бастап оқушының ыждағаты мен бейімділігін, оның қолынан не істеу келетіндігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығы қандай екендігін есепке алып, оқу процесін осы негізге ойластыра жүргізгені дұрыс [3]. А.К. Макаровтың пікірі бойынша мұғалімнің кәсіптік зерттеушілік позициясы өз кәсібін шығармашылық деңгейде жетік меңгерген кезде ғана айқындала түседі. Жалпы кәсіптік жұмыста мұғалім үшін зерттеушілік іскерліктер мен дағдыларды меңгеру маңызды орын алады. Ол кез-келген әдіс-тәсілді оқу-тәрбие процесінде кәсіби тұрғыдан жүзеге асырумен қатар әрбір оқушыны, оның құрдастарымен, ата-анасымен қарым-қатынасын анықтап отыру, мұғалімнің педагогикалық-психологиялық тұрғыдан білімінің зеректігін көрсетеді

«Мәңгілік ел» құру стратегиясы осы тұжырымдар негізінде құрылуы да заңдылық. Тарихи тамыры тереңге бойлаған ұлттың тұғыры да биік. Оның айбыны алыстан бой көрсетіп, өзін асқақ, басқамен терезесін тең ұстайды. Оған ешкім батада алмайды. Ел басының елінің алдына қойған айқындауыш бағдары да осы. Бұл тұрғыдан келгенде, ата – бабаларымыз, ұлы ағартушыларымыз көп жағдайларды ескертіп кеткендері белгілі. Осы орайда, қазақ халқының бір туар ұлдарының өмірі мен шығармашылығын оқып үйрену, жас жеткіншектерді үлкен патриоттық сезімге баулып тәрбиелейді. Қазақ халқы бағзы заманнан бері тәрбие проблемаларын өзінің өзекті істерінің бірі деп санап келеді. Бұл мәселеге байланысты ой қозғап, қалам тартпаған адамдар да кемде-кем. Әсіресе ұрпақ тәрбиесінде қазақ халқынан асар ұлт көп те емес. Ұлтымыздың тәлімгерлік тәжірбиесі өте бай. Мәселе сол байлықты ел игілігіне

айналдырып, бүгінгі оқушы жастардың бойына сіңіру болып табылады. Жасыратыны жоқ, жаһандану заманында, Қазақстан әр түрлі діндер мен саяси – экономикалық жағдайы әр түрлі мемлекеттердің қоршауында тұрғанда, тәрбие проблемасының да күрделене түсері даусыз. Қазіргі басты мақсат - ел тәуелсіздігін, оның бірлігі мен жасампаздығын, ата-баба салт-дәстүрі мен ұлттық қағидаларды аман сақтап қалу.

Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ мектептеріндегі оқу-тәрбие мәселесі өзекті болуы заңды. Өйткені әр ұлт өз болашағын ойласа, ең алдымен ұрпағын ата баба дәстүріне лайық етіп тәрбиелеуі керек. Сондықтанда, ұлт педагогикасының негізгі мәселесі ұлтжанды, ар-ұяты мол, саналы азамат тәрбиелеу қажеттілігін ХХ-ғасырдың ұлы тұлғасы, педагог-ақын М.Жұмабаев, өзінің сол жылдары жазып кеткен «Педагогика» оқулығында нақты айтқан болатын [4].

М.Жұмабаевтың әдеби-поэзиялық еңбектерін шолу жасағанда тағы байқағанымыз, оның барлық шығармалары ұлттық нақышта жазылып, патриоттық рухқа толы, отансүйгіштік, түрікшілдік идеялар өзекті орын алған. Педагог-ақын өзінің әрбір шығармасы арқылы оқушыларды отансүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеуге бағыттады. Оның «Педагогика» атты оқулығы тұнып тұрған халықтық педагогика мен психологиясы. Онда халықтың мінез-күлкі, әдет-ғұрпы, бала тәрбиелеу тәсілдері ерекше нақышпен суреттелген. Педагог-ғалым М.Жұмабаев халық педагогикасын ғылымилықпен баяндай отырып, оларды қолданудың әдіс-тәсілдерін жаңаша жағдайда пайданудың қажеттілігін ұсынды. Сол мұралар арқылы оқушыларды ізгілікке, адамгершілікке, адами ұлы қасиеттерге тәрбиелеудің жолдарын көрсетті.

Әсіресе, тіл мәселесіне келгенде баланың бастапқы (1-4) сыныптарда тек қазақша оқу керектігін дәлелдеді. Сонымен бірге, баламен жұмыс істейтін үлкендердің таза әдеби қазақ тілінде сөйлеп, тіл тазалығын сақтау қажеттілігін алдыңғы орынға қоя білді. Мағжан: «Тілі жоқ ел, тілсіз ел-болашағы жоқ ел, оның болашағы бұлыңғыр, ол ел бола алмайды» деген. Түптің түбінде, түркі тілдес елдердің тілі бірігеді, оның көш басында қазақ тілі тұруы мүмкін» - деген ойларды айтады. Ел басының «Мәңгілік ел» тұжырымдамасының негізгі бір бөлшегі, осы тіл аумағында жатқанын білеміз. Мәңгілік елдің – мәңгілік тілінің болуы. Ол тіл-Қазақ тілі. Өткендегі бабаларымыздың сондағы мұңдарының орындалып, бүгіндері іске асып, ел игілігіне жарап жатқаны осы егемендіктің арқасы. Мақсат – осы келген егемендікті мәңгі аман сақтап, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу. Оны жеткізетін – бүгінгі ұрпақ. Ендеше, Мағжандай дара тұлғаның шығармашылығын оқытып, үйрету оны үлгі ету бүгінгі мемлекеттің алдында тұрған келелі іс. Міне, М.Жұмабаевтың ұлттық тәлім-тәрбие, тіл, дін, діл, мәдениет туралы айтқан ойларының осы заманда да өміршең екендігін осыдан көруге болады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде, Қазақстан бірнеше сырт мемлекеттердің қоршауында тұрғаны анық. Олай болса, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтсақ: «...біздің ұрпағымыз өзіне тән тектілігімен, бұлалығымен,

жасқанды білмейтін тәкаппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен дараланатын Барыс болмақ. Ол, ешкімге бірінші болып шабуыл жасамайды, әрі тікелей соғыстардан тартынатын болады. Бірақ, ол өзінің еркіндігі, тұрағына, ұрпағына қатер төнген жағдайда, ол бұларды басын тігіп, бойындағы барын салып қорғайтын болады. Ол сыптай да, серпінді болуға және семіздік пен жалқаулыққа бой алдырмауға тиіс, әйтпеген күнде ол қатаң табиғи ортада өмір сүре алмайды» - деп тұжырымдаған [5].

Ендеше, бүгінгі жас ұрпақты ұлттың ұлы зиялыларының үлгісінде оқытып, тәрбиелеу-қазіргі заманның алға қойып отырған міндеттерінің бірі болса керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. № 1118 2010 жылдың 7 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен бекітілген білім берудің Мемлекеттік Бағдарламасы
2. Н. Иванова, М. Қоғамбаева «Оқыту процесінің мәні». - Алматы, 2010 ж.
3. Қ. Жарықбаев, С.Қалиев «Қазақстандағы педагогикалық ойдың антологиясы». Алматы, 2010ж.
4. М. Жұмабаев «Педагогика». Оқулық. Алматы: Кітап, 2011ж.
5. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» Алматы: Білім, 1998. – 3б.

Журналға басылу үшін көлемі 7 не одан астам беттен тұратын мақалалар қабылданады.

1. Мәтін, формулар мен сызбаларды теруде Windows үшін Microsoft Word редакторын қолдану қажет. Мәтін редакторының параметрлері: барлық бағандар 2 см; Times New Roman шрифтпен басылған, көлемі-10; жоларалық интервал- 1,5; ені бойынша теңдестіру; абзац шегінісінің көлемі -1,25 см; беттің бағдары-кітаби; MS Word-та орындалған суреттер қабылданбайды. Барлық суреттер мен сызбалар нөмірленеді және атаулармен немесе суретті жазулармен берілуі тиіс.

2. Тақырыптың ресімделуі: (жазбаша, қою әріптермен, жолдың ортасына теңдестіру), ОӘК, ТӘЖ (мақала авторы толық),

3. МАҚАЛА АТАУЫ; келесі жолда (курсив шрифтпен, оң жақ жолға теңдестіру)- ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, ЖОО, қала немесе лауазымы, жұмыс орнының атауы, қала (қысқартулар жіберілмейді), келесі жолда (курсив шрифтпен, оң жаққа теңдестіру)- E-mail байланысу үшін). Егерде мақала авторлары бірнеше болса, онда берілген ақпарат әрбір автор үшін қайталанады.

4. 1 жолдан – мақала мәтіні.

5. 1 жолдан – «Әдебиеттер тізімі» атауы. Содан кейін ГОСТ Р 7.0.5-2008 (ресімдеу үлгісі) сәйкес ресімделген, ретімен нөмірлеу, алфавиттік тәртіпте әдебиеттер тізімі беріледі. Әдебиеттер тізімінің дереккөздеріне сәйкес мәтіндегі сілтемелер төртбұрышты жақша түрінде ресімделеді, мысалы, [1, с. 277]. Автоматты түрде әр бет бойынша қолданылған сілтемелер жіберілмейді.

For publication in the journal accepted articles of 7 pages and more.

1. To set the text, formulas and tables should use the editor Microsoft Word for Windows. Parameters text editor: all margins 2 cm; font Times New Roman, size - 10; line spacing - 1.5; justification; indent of 1.25 cm; page orientation - portrait. Figures made in MS Word, are not accepted. All figures and tables should be numbered and provided with a name or picturesque signatures.

2. Registration of title (in capital, bold letters, centered line), UDC, Name (author of the article in full), article title; on the next line (italic font, right alignment) - the academic title, academic degree, the name of the university, the city or the post, place of work, the city (the reduction is not allowed); on the next line (italic font, right alignment) - E-mail to contacts. If several authors, the information is repeated for each author.

3. After 1 line - the text of the article.

4. After 1 line - the inscription "References." After it is a list of references in alphabetical order, with continuous numbering, designed in accordance with GOST R 7.0.5 - 2008 (example of design). References in the text to the appropriate source from the list of references in square brackets, for example: [1, p. 277]. Using automatic paged links is not allowed.

К публикации в журнале принимаются статьи объемом от 7 страниц и более.

1. Для набора текста, формул и таблиц следует использовать редактор Microsoft Word для Windows. Параметры текстового редактора: все поля по 2 см; шрифт Times New Roman, размер – 10; междустрочный интервал – 1,5; выравнивание по ширине; абзацный отступ 1,25 см; ориентация листа – книжная. Рисунки, выполненные в MS Word, не принимаются. Все рисунки и таблицы, должны быть пронумерованы и снабжены названиями или под рисуночными подписями.

2. Оформление заголовка: (прописными, жирными буквами, выравнивание по центру строки), УДК, ФИО (автора статьи полностью), НАЗВАНИЕ СТАТЬИ; на следующей строке (шрифт курсив, выравнивание по правому краю) – ученое звание, ученая степень, название вуза, город или должность, место работы, город (сокращения не допускаются); на следующей строке (шрифт курсив, выравнивание по правому краю) – E-mail для контактов. Если авторов статьи несколько, то информация повторяется для каждого автора.

3. Через 1 строку – текст статьи.

4. Через 1 строку - надпись «Список литературы». После нее приводится список литературы в алфавитном порядке, со сквозной нумерацией, оформленный в соответствии с ГОСТ Р 7.0.5 – 2008 (пример оформления). Ссылки в тексте на соответствующий источник из списка литературы оформляются в квадратных скобках, например: [1, с. 277]. Использование автоматических постраничных ссылок не допускается.